


«Мәңгілік ел» идеясы  
тарихи сананы жаңғырту бағыты





**ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев**



**Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұратына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – қазақтың мәңгілік перзенті. Ендеше қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел**



**Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған сәттен бастап әлемдік аренада өз орнын нақты қалыптастыра бастады.**

**Ел дамуының түрлі бағыттары Елбасы саясатының стратегияларынан анық көрінеді.**

**Елбасы ұсынған «Мәңгілік ел» идеясы да халық қолдауын тапты**



Түркілік кезең тарихын зерттеуші ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы: «Мәңгілік ел – түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған Тонькөк негізінен қалған идея...» - деп көрсетеді. «Елбасы және Мәдениет» кітабында Елбасымыздың өзі көне түрік жазуларындағы мәтіндерге көп көңіл бөлу қажеттігін айтады.



**Мәңгілік ел идеясының тарихын терең түсініп, бүгінгі күнде жүзеге асыру барысында тарихи сананы жаңғырту ісі маңызды іс. Ата-бабаларымыздың мәңгі ел болу жолындағы жүріп өткен жолынан үлгі ала отыра, ұлттық құндылықтарымызды заманауи талаптармен ұштастыра отырып болашаққа жол салу қажеттігі туып отыр. Тарихи сананы жаңғыртып, бабалар салған «Мәңгілік ел» идеясымен болашаққа бет алсақ адаспасымыз анық.**



**Қазақстан Республикасы тарихшыларының I-конгресінде мемлекеттік хатшы М.Тәжин Қазақстан тарихын зерттеудің басым бағыттарын айқындап, тарих ғылымының алдында маңызды міндеттер қойды. Пәнаралық және объективтілік тәсілдің негізін қалауда мемлекеттілік, ұлттық идея тыс қалмауы және тарихи мұраны сақтау мәселесіне назар аудару қажеттігін айтқан болатын.**




**Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы ақпан айындағы Жолдауында: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдердің тығырыққа тірелетіндігі анық...» - делінген.**

**Шын мәнісінде де білім мен тәрбие беру ісінде ұстаздар қауымына үлкен жүк артылып отыр. Патриоттық тәрбие мен тарихи сананы қалыптастыруда тарихшы ұстаздардың ролі ерекше. Елбасы: «Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде», «Тарих толқынында» атты еңбектерінде: «Аса маңызды идеологиялық міндеттеріміз Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әр азаматтың өзін-өзі айқын билеуі» - деп көрсетті.**

Биылғы жылы ел тәуелсіздігіне 25 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында еліміз ғасырларға бергісіз жүзеге асырылған жетістіктерге қол жеткізді. Бұл жетістіктер Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың көреген саясатты мен Қазақстан халықтарының ынтымақтастығы мен ерік-жігерінің арқасында келіп отыр. Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің орнығуы, дамыған елдер қатарына қосыла отыра дамуы халықтың болашағына деген сенімдерін арттырады.





**КӨҢІЛ ҚОЙЫП  
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА  
РАҚМЕТ!!!**

